

Ел сенімі – елдіктің арқауы



5-бет

Педиатрия қызметіндегі оң нәтиже



10-бет

Паң күй мен падаша ән



13-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

№196 (30425) 13 ҚАЗАН, БЕЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Ұлысаралық бауырластық



Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанды елорда әуежайында күтіп алды. «Ақорда» резиденциясында Түркия басшысын салтанатты қарсы алу шарасы өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған бір-біріне делегациялар құрамын таныстырды. Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Түркияның әнұрандары орындалды.

Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары екіжақты кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанға Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін ризашылығын жеткізді.

(Соңы 2-бетте)

## Қазақстан-Қатар ынтымақтастығы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәниді салтанатты түрде қарсы алды. Құрмет карауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді, сондай-ақ Қазақстан мен Қатардың әнұрандары орындалды.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Содан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен шағын

құрамда келіссөз жүргізді. Президент Қатар Әмірі Тәммим бен Хамад Әл Тәниге шақыруын қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін алғыс айтты.

(Соңы 3-бетте)

## Сингапур делегациясын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапур Премьер-министрі кеңсесінің министрі Мұхамед Малики бин Османмен жүздесті.



Суреттерді түсірген: Аманжол АЖИСЕНБЕК

Мемлекет басшысы Сингапурдың Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммитіне қатысуы АӨСШК үдерісінің дамуына елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның АСЕАН-дағы маңызды серіктесі – достас Сингапурмен тығыз ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын жеткізді.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық

байланыстардың артқаны атап өтілді.

Өз кезегінде Мұхамед Малики бин Осман Қасым-Жомарт Тоқаевқа Премьер-министр Ли Сянь Лунның ізгі тілегін жеткізді. Сингапур делегациясының басшысы өз елінің Қазақстанмен өзара іс-әрекетті одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты.

Кездесу соңында Сингапур министрі Мемлекет басшысына Президент Халима Якобтың Сингапурға мемлекеттік сапармен келуге шақыруын тағы да растады.

## Көңіл айту жеделхаты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев профессор Наум Шафердің туыстары мен жақындарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті музыкатанушы, филолог, профессор Наум Григорьевич Шафердің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

«Наум Григорьевич үлкен өмір жолынан өтті. Артына бірегей

әдеби-музыкалық мұра қалдырды. Шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз болды. Ол бүкіл саналы ғұмырын мыңдаған музыкалық шығарма мен кітапты, соның ішінде қазақ халық әуендерінің жазбаларын жинауға арнады. Наум Григорьевичтің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады, деп жазылған жеделхатта.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

#### 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге хаттаманы ратификациялау туралы

2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге 2022 жылғы 14 наурызда Тегеранда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 12 қазан № 146-VII ҚРЗ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

#### Шейх Тамим бен Хамад Әл Тәниді «Алтын Қыран» орденімен наградтау туралы

1. Қазақстан Республикасы мен Қатар Мемлекеті арасындағы екіжақты саяси және экономикалық қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан айрықша үлесі үшін Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл Тәни «Алтын Қыран» орденімен наградталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 11 қазан № 1041

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

#### Р.Т.Ердоғанды I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды нығайту мен дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған I дәрежелі «Достық» орденімен наградталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 11 қазан № 1042

### ЖОЛДАУ ЖҮГІ

## Шеткері ауылдарға шекеден қарамайық

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында қазіргі кезде еліміздегі 650 ауылдық елді мекенде емдеу мекемесі болмағандықтан, 1 млн-нан астам адамның бастапқы медициналық-санитарлық көмек алу мүмкіндігі жоқтығын айтып, Үкіметке алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер салып, оларды қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етуді тапсырды.

Кәрібай МҰСЫРМАН, «Egemen Qazaqstan»

Ал өткен жылы ауылдықтардың өмір сүруінің орташа ұзақтығы 70,79 жасты құрап, қалалықтардан (69,91 жас) сәл артық болыпты. Соған қарап, ауылдағы

ағайындардың жаны сірі-ау деген ойға қаласын... Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінгі таңда тек Қарағанды, Қостанай және Ұлытау облыстарының ауылдық елді мекендері (АЕМ) медицина ұйымдарымен түгел қамтамасыз етілген. Сондай-ақ

Қызылорда (3 АЕМ), Жетісу (4 АЕМ), Жамбыл (5 АЕМ) облыстарында медициналық пункт жок ауыл аз. Ал бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін емдеу мекемесіз қалған ауылдар, әсіресе демографиялық жағдайы күрделі Солтүстік Қазақстан облысында көп. Нақты айтсақ, Қызылжар өңірінің 80 ауылындағы медициналық пункттер бұдан он шақты жыл бұрын «европалық стандарттарға сәйкес онтайландыру» науқанындағы асыра сілтеудің құрбаны болып, жергілікті тұрғындардың наразылығына қарамай жабылған.

(Соңы 9-бетте)